

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік материалдық
резервтің материалдық құндылықтарын шығару (жаңарту және броньнан
шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы
Янушкевич көшесі, 2

25.07.2017 ж.
сағ.: 11:00

Тендерлік комиссия құрамы: С.К. Сабырбаева - Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төрағасының орынбасары, тендерлік комиссияның төрағасы.

комиссия мүшелері: Б. Ә. Орынбеков - ММРК төрағасы орынбасарының м.а., тендерлік комиссия төрағасының орынбасары, Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, М.С. Шәкірбаев - ММРК Заң басқармасының басшысы, Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, М. Ж. Ажигулова - ММРК Экономика және қаржы басқармасының басшысы, А. И. Әліпбай - ММРК «Резерв» РМК Бас директордың м.а., Д. Е. Абуева – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы.

(Қатыспаған: Е.С. Рахматулла - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының басшысы, еңбек демалысында, 2017 жылғы 21 шілдедегі №57-д бұйрығы).

Күн тәртібі:

1. Жұмылдыру резервінен материалдық құндылықтарды шығару бойынша тендерге қатысу өтінімдерін қарастыру.

Тендер 2017 жылғы 18 шілдедегі жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын шығару (броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының хаттамасымен бекітілген шығаруға жататын броньнан шығарылған жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының тізбесіне сәйкес өткізілді.

Соңғы мерзім өткеннен кейін келіп түскен және ашылмаған тендерге қатысу өтінімдері жоқ.

ММРК-нің www.kgmr.gov.kz сайтында орналастырылған Қазақстан Республикасының жұмылдыру резервінен материалдық құндылықтарды шығару бойынша тендерге қатысу өтінімдері келесі тұлғалардан тендерге қатысу өтінімдерінің соңғы тапсыру мерзіміне дейін келіп түсті:



№	Үміткер атауы	Конверттер саны	Үміткер мекенжайы	Тіркеу күні	Тіркеу уақыты
1	«Самұрық-СК» ЖШС	3	Астана қ., 199 көше, 36 үй 720 пәтер	24.07.2017 ж.	15:00-15:05
2	Ж.т. Маусымбаев Ж.А.	1	Астана қ, Иманбаева көшесі 9, 62 пәтер	24.07.2017 ж.	17:50
3	Барлық конверттер саны:	4			

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 11, 13-тармақтарына сәйкес тендерлік комиссиясы келесі тендерлік өтінімдерді қарастырды.

«Самұрық-СК» ЖШС (лот № 12) тендерге қатысу өтінімі тігілген, мөрленген, 18 бетті қамтиды және нөмірленген:

- 1) Тендерлік өтінім;
- 2) жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы;
- 4) 27.04.2015 жылғы №1 «Самұрық-СК» ЖШС директорының тағайындау туралы бұйрығының көшірмесі;
- 5) 27.04.2015 жылғы №1 жалғыз құрылтайшы шешімінің көшірмесі;
- 6) 11.07.2017 № 301/8-67-1005 жылғы «Сбербанк» АҚ филиалының берешектің жоқтығы туралы анықтама;
- 7) 14.01.2017 жылғы «Сбербанк» АҚ филиалының сенімхат көшірмелері;
- 8) 24.07.2017 жылғы № 3 төлем тапсырмасы.

«Самұрық-СК» ЖШС (лот № 24) тендерге қатысу өтінімі тігілген, мөрленген, 18 бетті қамтиды және нөмірленген:

- 1) Тендерлік өтінім;
- 2) жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы;
- 4) 27.04.2015 жылғы №1 «Самұрық-СК» ЖШС директорының тағайындау туралы бұйрығының көшірмесі;
- 5) 27.04.2015 жылғы №1 жалғыз құрылтайшы шешімінің көшірмесі;
- 6) 11.07.2017 № 301/8-67-1003 жылғы «Сбербанк» АҚ филиалының берешектің жоқтығы туралы анықтама;
- 7) 14.01.2017 жылғы «Сбербанк» АҚ филиалының сенімхат көшірмелері;
- 8) 12.07.2017 жылғы № 2 төлем тапсырмасы.

«Самұрық-СК» ЖШС (лот № 25) тендерге қатысу өтінімі тігілген, мөрленген, 18 бетті қамтиды және нөмірленген:

- 1) Тендерлік өтінім;

- 2) жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы;
- 4) 27.04.2015 жылғы №1 «Самұрық-СК» ЖШС директорының тағайындау туралы бұйрығының көшірмесі;
- 5) 27.04.2015 жылғы №1 жалғыз құрылтайшы шешімінің көшірмесі;
- 6) 11.07.2017 № 301/8-67-1011 жылғы «Сбербанк» АҚ филиалының берешектің жоқтығы туралы анықтама;
- 7) 14.01.2017 жылғы «Сбербанк» АҚ филиалының сенімхат көшірмелері;
- 8) 12.07.2017 жылғы № 2 төлем тапсырмасы.

Ж.т. Маусымбаев Ж.К.(№ 24 лот) тендерге қатысу өтінімі тігілген, 3 бетті қамтиды және нөмірленген:

- 1) Ереженің 1 қосымшасына сәйкес тендерлік өтінім;
- 2) жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) 24.07.2017 жылғы № 2 төлем тапсырмасы.

Тендер комиссиясы талдаудан және бағалау нәтижелері бойынша ашық түрде дауыс беру жолымен кері қайтару туралы **ШЕШІМ** қабылдады:

Тендерге қатысу өтінімдерінде материалдық құндылықтардың атаулары, саны, өлшем бірлігі және тауар бірлігінің бағасы көрсетілмегендіктен Қағидалардың 38-тармағының 2)-тармақшасына сәйкес «Самұрық-СК» ЖШС № 12, № 24 және № 25 лоттар бойынша тендерге қатысу өтінімін.

Осы шешімге:

- тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»;
тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын».

Тендер комиссиясы қағидалардың 36-тармағына сәйкес тендерге қатысу өтінімін ашық түрде дауыс беру жолымен қарастырып, жалғыз қатысушы ретінде № 24 лот бойынша өтінім бағасы **29 532 329 (жиырма тоғыз миллион бес жүз отыз екі мың үш жүз жиырма тоғыз) теңге 60 тиынмен ж.т. Ж. А. Маусымбаевты** тендер жеңімпазы ретінде анықтау туралы **ШЕШІМ** қабылдады (Қағидалардың 35 т. сәйкес).

Осы шешімге:

- тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»;
тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын».

2017 жылғы 25 шілдедегі өзгерістерді есепке ала отырып 2017 жылғы шығарылатын жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының Ғаламтор - ресурсында (www.kgmr.gov.kz) жариялансын.

ММРК жеңімпаздармен сатып алу – сату келісім шартын 10 (он) жұмыс күні ішінде жасасын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2017 жылғы 25 шілдедегі сағат 11.25-те жабылды деп есептелсін.

Қосымша:

1.2017 жылғы 25 шілдедегі өзгерістерді есепке ала отырып 2017 жылғы шығарылатын жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының тізбесі, 13 парақта.


Комиссия төрағасы:

Сабырбаева С.К.




Комиссия мүшелері:

Орынбеков Б. Ә.




Ахметов Б.Қ.



Шәкірбаев М.С.




Иманбаев Н.М.



Ажигулова М.Ж.



Әліпбай А.И.



Комиссия хатшысы:

Абуева Д.Е.

